

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР МЕН ҚҰҚЫҚ САЛАСЫНДА ФРАНЦУЗ ТІЛІНІҢ РӨЛІ: БОЛАШАҚ ДИПЛОМАТТАР МЕН ЗАҢГЕРЛЕРГЕ ШЕТ ТІЛІ РЕТІНДЕ ФРАНЦУЗ ТІЛІН ОҚЫТУ ТӘЖІРИБЕСІ

Аңдатпа

Бұл мақалада француз тілінің халықаралық қатынастар мен құқық саласындағы стратегиялық рөлі қарастырылып, болашақ дипломаттар мен заңгерлерге арналған француз тілін оқыту тәжірибесі мен әдістемесі талданады. Зерттеу барысында оқытушының жеке практикалық тәжірибесі мен заманауи педагогикалық тәсілдерге негізделген әдістемелік ұсыныстар келтіріледі. Сондай-ақ, халықаралық құқық пен дипломатия саласына бағытталған француз тіліндегі негізгі оқулықтар мен оқу құралдары сипатталады. Мақала халықаралық құқықтық және дипломатиялық коммуникациядағы француз тілінің маңыздылығын айқындап, кәсіби тілдік дағдыларды дамытуға арналған тиімді әдістерді ұсынады.

Түйін сөздер: француз тіліне оқыту, халықаралық қатынастар, халықаралық құқық, дипломатиялық коммуникация, заңгерлерді оқыту, дипломаттарды оқыту, кәсіби француз тілі, оқыту әдістемесі, тілдік дағдылар, француз тіліндегі оқулықтар.

Амандыкова Г.Я.¹

¹к.ф.н., старший преподаватель кафедры Международных отношений

Института Сорбонна-Казахстан, КазНПУ им.Абая

РОЛЬ ФРАНЦУЗСКОГО ЯЗЫКА В МЕЖДУНАРОДНЫХ ОТНОШЕНИЯХ И ПРАВЕ: ОПЫТ ПРЕПОДАВАНИЯ ФРАНЦУЗСКОГО ЯЗЫКА КАК ИНОСТРАННОГО БУДУЩИМ ДИПЛОМАТАМ И ЮРИСТАМ

Аннотация

В статье рассматривается стратегическая роль французского языка в международных отношениях и праве, анализируется накопленный мировой опыт и методика преподавания французского языка будущим дипломатам и юристам. В исследовании представлены методические рекомендации,

основанные на личном практическом опыте преподавателя и современных педагогических подходах. Также дается характеристика основных учебников и учебных пособий по французскому языку, посвященных международному праву и дипломатии. В статье подчеркивается значение французского языка в международной юридической и дипломатической коммуникации, предлагаются эффективные методы развития профессиональных языковых навыков.

Ключевые слова: преподавание французского языка, международные отношения, международное право, дипломатическая коммуникация, подготовка юристов, подготовка дипломатов, профессиональный французский язык, методика преподавания, языковые навыки, учебники по французскому языку.

Amandykova G.Ya.¹

¹ c.of phil.sciences, senior lecturer at the Department of International Relations

Institute Sorbonne-Kazakhstan, Abai KazNPU

THE ROLE OF THE FRENCH LANGUAGE IN INTERNATIONAL LAW AND INTERNATIONAL RELATIONS: EXPERIENCE OF TEACHING FRENCH AS A FOREIGN LANGUAGE TO FUTURE DIPLOMATS AND LAWYERS

Abstract

This article explores the strategic role of the French language in the fields of international relations and international law. It analyzes global experience and established methodologies for teaching French to future diplomats and legal professionals. Drawing on the author's personal teaching experience and contemporary pedagogical practices, the study offers methodological recommendations for effective instruction. It also reviews key textbooks and instructional materials in French that are specifically tailored to the domains of international law and diplomacy. The article underscores the significance of the French language in international legal and diplomatic communication and proposes effective strategies for developing professional language competencies

Keywords: French language teaching, international relations, international law, diplomatic communication, training of lawyers, training of diplomats, professional French, teaching methodology, language skills, textbooks in French.

Қазіргі жаһандану дәуірінде халықаралық қатынастар мен құқық саласында кәсіби мамандардың шет тілін, соның ішінде француз тілін меңгеруі маңызды қажеттілікке айналды. Француз тілі БҰҰ, Еуропалық

Одақ, Франкофония халықаралық ұйымы сияқты ірі халықаралық құрылымдарда ресми тіл статусына ие және дипломатиялық қарым-қатынастың негізгі құралдарының бірі ретінде кеңінен қолданылады. Сонымен қатар, халықаралық құқықтық құжаттар мен келіссөздер жүргізуде француз тілі ерекше рөл атқарады.

Қазақстан мен басқа да мемлекеттерде халықаралық қатынастар және құқық мамандарын даярлау барысында француз тілін оқытудың кәсіби бағытталуы олардың болашақ қызметтік міндеттерін тиімді орындауы үшін таптырмас фактор. Бұл контексте француз тілін болашақ дипломаттар мен заңгерлерге оқытудың әдістемесі мен тәжірибесін зерттеу өзекті ғылыми мәселе ретінде қарастырылады.

Осы мақалада француз тілінің халықаралық қатынастар мен құқық саласындағы рөлі талданып, оның болашақ мамандарды даярлаудағы маңыздылығы көрсетіледі. Сонымен бірге, тіл үйретудің кәсіби бағдарлы әдістері мен оқу тәжірибелері қарастырылады. Мақаланың мақсаты - дипломаттар мен халықаралық құқық мамандарына арналған француз тілін оқытудың тиімді жолдарын анықтау және тәжірибе негізінде ұсыныстар жасау.

Қазіргі жаһандану заманында халықаралық қатынастар мен құқық саласында тілдік біліктілік маңызды фактор болып табылады. Әсіресе, дипломаттар мен заңгерлер үшін бірнеше шет тілін меңгеру кәсіби табысқа жетудің кепілі саналады. Осындай тілдердің ішінде француз тілі халықаралық аренада кеңінен қолданылып, дипломатиялық және құқықтық қарым-қатынастың негізгі тілі ретінде өз орнын бекіткен. Бұл мақалада француз тілінің халықаралық қатынастар мен құқық саласындағы рөлі қарастырылады, сондай-ақ болашақ мамандарға арналған оқыту тәжірибесі мен әдістемесі талданады.

Француз тілі БҰҰ-ның ресми тілдерінің бірі әрі Еуропалық Одақ, Халықаралық Қызыл Крест, Халықаралық Сот және басқа да көптеген халықаралық ұйымдардың жұмыс тілдерінің қатарына жатады. Дипломатиялық келіссөздерде, халықаралық құқықтық құжаттарды дайындау мен талқылауда француз тілінің маңызы зор. Сонымен қатар, көптеген мемлекеттердің құқық жүйесі мен халықаралық келісімдер француз тілінде ресми түрде бекітіледі. Француз тілі - БҰҰ-ның алты ресми тілінің бірі. Сонымен қатар, ол Еуропалық Одақтың және Халықаралық Қызыл Кресттің жұмыс тілдерінің қатарына жатады, халықаралық құқықтық құжаттардың көп бөлігі француз тілінде ресми түрде әзірленеді және қабылданады, бұл тілдің халықаралық құқық жүйесіндегі орны ерекше.

Еуропа құрлығында француз тілі дипломатиялық қызметте маңызды тіл саналады. Африка құрлығында да француз тілі бірнеше мемлекеттерде мемлекеттік тіл болып табылады, бұл аймақтағы халықаралық қатынастар мен құқықтық өзара іс-қимылда шешуші рөл атқарады. Сондықтан француз

тілін меңгеру болашақ мамандарға аймақтық және жаһандық деңгейде тиімді жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Дипломатиялық қызметте француз тілінің рөлі келіссөздерде және ресми хат алмасуда айқын көрінеді. Құқықтық салада халықаралық келісімшарттар мен құқықтық актілердің түпнұсқасы көбінесе француз тілінде жасалады. Мұның барлығы француз тілін білуге деген сұраныстың жоғары екенін көрсетеді.

Француз тілінің еуропалық және африкалық елдерде кең таралуы оның халықаралық аренадағы маңызын арттырады, бұл тілді меңгерген мамандар халықаралық қатынастарда бәсекеге қабілетті болатыны сөзсіз, себебі олар құқықтық және дипломатиялық контекстті терең түсініп, келіссөздер мен құжаттарды дәл және нақты жүргізе алады.

Дипломаттар мен заңгерлерге арналған француз тілін оқыту олардың кәсіби дамуы үшін аса маңызды. Тілдік дағдылар халықаралық құқықтық нормаларды меңгеру мен келіссөздер жүргізуде шешуші рөл атқарады. Француз тілін жетік білу мамандарға халықаралық ұйымдарда, шетелдік компанияларда, сондай-ақ мемлекетаралық қатынастарда табысты қызмет етуге мүмкіндік береді.

Оқыту барысында коммуникативтік және кәсіби тіл дағдыларына ерекше мән беріледі. Мамандыққа байланысты лексика мен терминологияны меңгеру, ресми хаттар мен құжаттар дайындау дағдыларын қалыптастыру сынды оқытудың маңызды аспектілерін алға қойып, интерактивті тренингтер мен симуляциялар тәрізді заманауи оқыту әдістері, студенттердің практикалық қабілеттерін дамытуға бағытталған. [1]

Бүгінгі таңда көптілді білім беру жүйесінде CLIL (Subject and Integrated Language Teaching) пәндік оқыту әдісі кеңінен қолданылады. Бұл тәсіл шет тілін лексикалық және грамматикалық меңгеруді ғана емес, сонымен қатар оны кәсіби контексттерде, атап айтқанда, құқық, дипломатия және халықаралық саясатта қолдануға баса назар аударады. CLIL көмегімен студенттер пәндік біліммен қатар тілді меңгереді, сол арқылы білім алу құралына айналады.[2]

Құқық және халықаралық қатынастар саласында CLIL-ді қолдану болашақ заңгерлер мен дипломаттарға шет тілін коммуникативті деңгейде ғана емес, сонымен қатар кәсіби дискурс деңгейінде де меңгеруге мүмкіндік береді. Мысалы, халықаралық шарттарды талдау, сот шешімдерін түсіндіру немесе дипломатиялық құжаттарды құрастыру кезінде студенттер нақты құқықтық және саяси мазмұнмен жұмыс істейді. Бұл тілдік ортаға енуге және тақырыпты терең түсінуге мүмкіндік береді. [3] Сонымен қатар, CLIL сыни тұрғыдан ойлау, мәтінді талдау және пәнаралық байланыстарды орнату сияқты маңызды академиялық дағдыларды дамытады. Француз тілін халықаралық қатынастар мен құқық саласында оқыту жалпы алғанда бірнеше бағыт бойынша жүзеге асады: тілдік құрылымдарды үйрету, кәсіби лексика мен стильді меңгеру, сонымен қатар қарым-қатынас дағдыларын

жетілдіру. Оқу бағдарламасына кәсіби мәтіндермен жұмыс, сот практикасы, келіссөздер жүргізу секілді нақты тапсырмалар енгізіледі. [4]

Бұл тілдің рөлі тек коммуникациямен шектелмей, құқықтық құжаттарды дайындау мен келіссөз жүргізуде де айқын көрінеді.

Қазіргі уақытта цифрлық технологиялар оқыту процесін тиімді әрі қызықты етеді. Онлайн ресурстар, аудио-видео материалдар, виртуалды симуляциялар студенттердің тілдік деңгейін арттыруға қолдау көрсетеді. Алайда, оқытуда кездесетін қиындықтар да бар, кәсіби лексиканың күрделілігі, тілдік ортадағы тәжірибенің шектеулігі және студенттердің мотивациясының төмендеуі сияқты мәселелерді шешу қажеттігі туындайды.

Қазіргі кезде француз тілін оқытуда коммуникативтік тәсіл басымдыққа ие. Бұл тәсіл тілдік дағдыларды шынайы өмір жағдайларында қолдануға бағытталған. Сонымен қатар, құқықтық және дипломатиялық лексикаға арнайы көңіл бөлінеді.

Мультимедиялық құралдар мен цифрлық технологияларды қолдану оқытудың тиімділігін арттырады. Онлайн платформалар арқылы студенттер нақты халықаралық жағдайларды модельдеп, өзара қарым-қатынас тәжірибесін жинақтай алады. Бұл тәсілдер оқу үдерісін қызықты әрі интерактивті етеді.

Дегенмен, оқытуда бірнеше қиындықтар бар. Кәсіби лексиканың күрделілігі, тілдік ортадағы шектеулер және студенттердің мотивациясының төмендігі оқытудың сапасын төмендетуі мүмкін. Мұндай қиындықтарды жеңу үшін оқыту бағдарламаларын студенттердің қызығушылығына сай бейімдеу, мотивациялық құралдарды енгізу қажет.

Болашақ дипломаттар мен заңгерлерге француз тілін оқыту олардың кәсіби мүмкіндіктерін кеңейтеді. Тілдік дағдылар халықаралық құқықтық нормаларды түсінуге, келіссөз жүргізуге және дипломатиялық қарым-қатынасқа тікелей әсер етеді. Француз тілін меңгерген мамандар халықаралық ұйымдарда және шетелдік серіктестер арасында сенімді және нәтижелі жұмыс істей алады. [5]

Оқыту барысында кәсіби лексика мен терминологияға ерекше көңіл бөлінеді. Бұл мамандарға құқықтық мәтіндерді дәл түсінуге және ресми коммуникацияда тілдік қателерден аулақ болуға көмектеседі. Сонымен қатар, дипломатиялық этикет пен ресми стильге де үйретіледі, себебі бұл да кәсіби қарым-қатынастың ажырамас бөлігі.

Студенттердің тілдік қабілеттерін дамыту үшін практикалық сабақтар - келіссөздерді имитациялау, құжаттарды талдау және дайындау, рөлдік ойындар ұйымдастырылады. Бұл әдістер оқушылардың шынайы кәсіби жағдайларда тілді тиімді қолдануына бағытталған. [6]

Қазіргі кезде француз тілін оқытуда ең тиімдісі - коммуникативтік тәсіл. Бұл әдіс студенттерге тілдің тек грамматикасын үйретумен шектелмей, оны өмірде қалай қолдану керектігін көрсетеді. Арнайы кәсіби лексика мен

терминологияға көңіл бөлінеді, өйткені болашақ дипломаттар мен заңгерлерге дәл және нақты сөйлеу маңызды.

Менің оқыту тәжірибемде практикалық сабақтар ерекше орын алады, мысалы, «Халықаралық қатынастардағы француз тілі» пәнін оқыту барысында студенттермен бірге келіссөз жүргізу имитациясын өткізу маңызды. Студенттер нақты дипломатиялық жағдайларды ойнап, ресми хаттар жазады, келіссөз кезінде қолданылатын арнайы лексиканы пайдаланады. Бұл тәжірибе олардың кәсіби француз тілін қолдануда сенімділігін арттыратыны сөзсіз.

Сонымен қатар, студенттерге халықаралық құқықтық құжаттардың үзінділерін аудару және талдау тапсырмаларын беру олардың құқықтық мәтіндерді түсіну қабілетін дамытып, тілдік дағдыларын жетілдіреді.

Оқытуда мультимедиялық құралдарды да қолданамын: бейнежазбалар, аудиоматериалдар және онлайн жаттығулар студенттердің тілдік ортаға енуіне мүмкіндік береді. Проект әдістемесін, тұтас симуляция әдісімен біріктіріп, дөңгелек стол, келіссөз, журналистермен интервью тәрізді рөлдік ойындар барысында арнайы тақырып бойынша белгілі контексте ресейдің сыртқы істер министрі, еуропа елдерінің премьер министрі рөлдерін ойнайды. Осы сынды интерактивті әдістер студенттердің сабаққа деген қызығушылығын арттырады. Сондай ақ, тілдік орта моделін құрып, сабақ барысында студенттерді француз тілінде сөйлесуге үнемі ынталандырамын, аптасына бір рет «француз тіліндегі дөңгелек үстел» форматында шағын дебаттар ұйымдастырамын, бұл кезде студенттер өздерін дипломатиялық конференциядағыдай сезінеді, өз пікірлерін француз тілінде білдіреді. Мұндай тәжірибе тілдік қорды байытып, сөйлеу дағдысын шыңдайды. [4]

Рөлдік ойындар мен имитациялар әдісін қолданып, болашақ заңгерлер мен дипломаттар үшін нақты кәсіби жағдайларды модельдеу өте маңызды. Студенттерге «Халықаралық келіссөз» тақырыбында рөлдік ойындар өткізуде әр студентке белгілі бір мемлекет немесе ұйымның өкілі рөлі беріліп, олар келіссөз жүргізеді, мұндай жаттығу студенттерге кәсіби лексиканы жаттатып қана қоймай, коммуникация шеберлігін арттырады.

Құқықтық мәтіндерді талдау әдісін қолдану халықаралық құқықтық актілердің француз тіліндегі түпнұсқаларын сабақта талдау жүргізуге болады, бұл студенттерге заңгерлік тілдің құрылымы мен стилін түсінуге көмектеседі, сонымен қатар, аударма жасау тапсырмалары арқылы олардың тілдік дағдыларын жетілдіреді. Түрлі методикалық әдістерді қолдануда технологияларды пайдалану, әрине, маңызды, онлайн платформаларда және мобильді қосымшаларда түрлі жаттығулар ұсыну, соның ішінде халықаралық қатынастар пәнін, халықаралық құқық пәнін француз тілінде үйрету - Content and Language Integrated Learning әдісіне жақсы мысал ретінде News in Slow French Француз тілінде баяу оқылатын жаңалықтар, халықаралық саясат тақырыптарын тыңдау, талдау үшін өте ыңғайлы,

TV5MONDE – Apprendre, France 24 (français) халықаралық жаңалықтарды тыңдау, французша саяси дискурс үлгісін үйрену үшін қолдануға болады және бұлар француз тілін пәндік мазмұнмен бірге үйрететін құралдар, сонымен қатар Duolingo, Quizlet, тағы басқалар тәрізді құралдар арқылы студенттер үйде де француз тілін жүйелі түрде жаттыға алады, сондай-ақ, бейнематериалдар мен подкасттар тыңдату олардың тыңдау дағдысын дамытады.

Методикалық әдістер мен тәжірибелерді кешенді түрде қолдану болашақ дипломаттар мен заңгерлерге француз тілін тиімді әрі қызықты меңгеруге мүмкіндік береді. Менің тәжірибем көрсеткендей, тілдік дағдыларды практикамен ұштастыру - ең нәтижелі әдіс. Бұл болашақ мамандарға шынайы кәсіби ортада француз тілін еркін және дұрыс қолдануға көмектеседі.

Тіл үйренуде мотивацияны арттыру қажеттігін ескере отырып, студенттерге халықаралық деңгейдегі франкофон мәдени шараларға қатысуға шақырамыз, бұл міндетті түрде олардың тіл үйренуге деген қызығушылығын арттырып, тәжірибеде тілді қолдануға ынталандырады.

Халықаралық қатынастар мен құқық саласында француз тілін оқытуды жетілдіру - стратегиялық маңызды міндет. Осы бағытта тәжірибелі мамандарды тарту, халықаралық тәжірибені енгізу, сондай-ақ заманауи оқыту технологияларын кеңінен қолдану маңыздылығын айта келе, студенттердің тілдік ортаға толық енуін қамтамасыз ететін шетелдік тағылымдамалар мен практикалық курстар ұйымдастыру да қажет.

Француз тілін оқытуды жетілдіру - халықаралық қатынастар мен құқық саласындағы мамандар даярлаудың маңызды міндеті. Бұл мақсатта халықаралық тәжірибелерді зерттеп, озық әдістерді қолданып отырамыз, осылайша халықаралық тағылымдамалар мен шетелдік курстар студенттердің тілдік деңгейін көтеруге көмектеседі. [5]

Болашақ мамандардың халықаралық аренадарда бәсекеге қабілетті болуы үшін ағылшын тілімен бірге біздің елімізде француз тілін меңгерудің маңызы артып келеді, сондықтан оқу бағдарламаларын үнемі жаңартып, халықаралық стандарттарға сай келтіру міндетті іс, мұндай шаралар еліміздің халықаралық беделін көтеруге де әсер етеді.

Француз тілін меңгерген дипломаттар мен заңгерлер халықаралық аренадарда бәсекеге қабілеттілігі артады және олардың кәсіби өсуіне және еліміздің халықаралық аренадағы беделінің артуына ықпал етеді. Француз тілі халықаралық қатынастар мен құқық саласында маңызды құрал болғандықтан, болашақ дипломаттар мен заңгерлерге француз тілін оқыту олардың кәсіби жетістіктеріне тікелей әсер етеді. Сондықтан, оқыту тәжірибесін жетілдіру, заманауи әдістерді енгізу және студенттердің тілдік дағдыларын арттыруға бағытталған шараларды жүзеге асыру болашақ мамандардың халықаралық деңгейде тиімді қызмет етуіне жол ашады. [6]

Осы тұрғыда CLIL тәсілі студенттердің тілдік дағдыларын және құқық пен халықаралық қатынастар сияқты салалардағы арнайы білімдерін қатар дамытуға мүмкіндік береді. Бұл ресурстар мазмұнға негізделген тілдік оқыту CLIL әдісін тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік береді, осы тәсіл студенттердің тілдік дағдыларын және құқық пен халықаралық қатынастар сияқты салалардағы арнайы білімдерін қатар дамытуға мүмкіндік береді, нәтижесінде студенттер тек тілді ғана емес, сонымен бірге құқықтық және дипломатиялық қызметтің ерекшеліктерін де меңгереді.[1]

Француз тілін халықаралық қатынастар мен құқық саласында оқыту - стратегиялық маңызды бағыт. Осы салаға арналған арнайы оқулықтар мен әдістемелік құралдар болашақ мамандардың тілдік, құқық саласында және дипломатиялық дағдыларын жетілдіруге көмектеседі. Сондықтан жоғары оқу орындарында және кәсіби дайындық бағдарламаларында келесідей оқулықтарды қолдану ұсынылады:

1. *Le français juridique* – Жаме (Marie-Christine Jamet). Бұл оқулық құқықтық француз тілін меңгеруге арналған негізгі құралдардың бірі, ол заң терминологиясын жүйелі түрде үйренуге, негізгі құқықтық ұғымдармен танысуға мүмкіндік береді. Оқулықтың мазмұны азаматтық және қылмыстық құқық, келісімшарттар, сот ісі, заңнамалар сияқты тақырыптарды қамтиды. Шынайы заң мәтіндері (кодекстерден, сот шешімдерінен үзінділер) негізінде оқыту жүргізіледі, соның негізінде оқулықты құқық курстарында, аударма пәндерінде, халықаралық құқық модульдерінде қолдануға болады. Студенттер құқықтық мәтінді талдап, кәсіби лексиканы тиімді меңгере алады.[7]

2. *Le français des relations internationales* (Philippe Blanchet), бұл оқулық халықаралық қатынастар саласында қолданылатын француз тіліне бағытталған, дипломатиялық дискурс пен ресми қарым-қатынас тіліне ерекше көңіл бөледі, халықаралық ұйымдар, келіссөздер, жаһандық басқару, бейбітшілік пен қауіпсіздік мәселелері. дипломатиялық терминология, келіссөз жүргізу үлгілері, ресми құжаттармен жұмыс тараулары берілген. Оқулықтың әдістемелік артықшылықтары рөлдік ойындар, симуляциялар, дипломатиялық хаттар жазу жаттығулары қарастырылып, саяси ғылым мен тіл оқытудың тиімді үйлесімінен көрінеді.[8]

3. *Droit international public* (Jean Combacau, Serge Sur) – халықаралық жария құқық негіздерін терең түсіндіретін іргелі академиялық еңбек, француз тілінде жазылған құқық теориясын үйренуге арналған маңызды құрал. Мазмұнында егемендік, халықаралық жауапкершілік, шарттар құқығы, түрлі келіспеушіліктерді шешу сияқты тақырыптар қамтылған, француз заң тілінің күрделі синтаксисі мен риторикалық құрылымдарын меңгеруге мүмкіндік береді, француз тілінде жазылған құқықтық ғылыми мәтіндерді талдау дағдысын дамытып, француз тілін меңгеруі жоғары деңгейлі студенттерге арналған оқу материалы ретінде ұсынылады. [9]

4. Communication et diplomatie – (Jean-Michel Valantin) дипломатиялық қарым-қатынасты француз тілінде жүргізу тәсілдеріне арналған әдістемелік құрал. Автор ресми коммуникацияның құрылымы мен стилистикасын жан-жақты сипаттайды, оқулықтың тараулары ресми және бейресми коммуникация, бұқаралық ақпарат құралдарымен жұмыс, келіссөздер стратегиясы, вербальды ноталар, жеделхаттар, ресми өтініштер жазу үлгілері дипломатиялық хат алмасу түрлерін қамтиды; бұл еңбек халықаралық қатынастар мамандығы бойынша оқитын студенттерге арналған практикалық курс ретінде тиімді екені сөзсіз, өйткені коммуникативтік симуляциялар арқылы тілдік және мәдени дағдылар дамытылады.[10]

5. Le français professionnel: guide pour les futurs juristes et diplomates (Sophie Muller) – болашақ заңгерлер мен дипломаттарға арналған кәсіби бағытталған француз тілі курсына арналған әдістемелік құрал, оның ерекшелігі тілдік машықтарды кәсіби контексте дамытуға басымдық береді, әдістемелік мазмұны заңгерлік және дипломатиялық мәтіндермен, мысалы, аннотация жасау, аудару, мазмұндау, құжат рәсімдеу тарауларынан тұрады, лексикалық жаттығулар, стильдік талдаулар, терминологиялық салыстырулар қамтылған, жалпылап айтқанда, тілдік құзыреттілікпен қатар, мамандыққа тән құжаттарды сауатты рәсімдеуге үйрететін әдістемелік жағынан тиімді оқулық. [11]

Француз тілінде халықаралық қатынастар мен құқыққа арналған негізгі оқулықтар пәнаралық (құқық + тіл) тәсілге негізделген. Жоғарыда аталған оқулықтар құқық және халықаралық қатынастар саласында кәсіби француз тілін меңгеруге бағытталған оқу процесінің маңызды құрамдас бөлігі. Олар болашақ заңгерлер мен дипломаттардың тек лексикалық қоры мен грамматикалық білімін ғана емес, сонымен қатар кәсіби контексте тілдік құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастырады.

Қорытындылай келе, француз тілі халықаралық қатынастар мен құқық саласында стратегиялық маңызды тіл, болашақ дипломаттар мен заңгерлерге француз тілін оқыту - олардың кәсіби дамуының негізі. Оқыту әдістерін жетілдіру, заманауи технологияларды пайдалану және студенттердің практикалық тілдік дағдыларын арттыру бағытында жұмыстар жүргізу болашақ мамандарды халықаралық деңгейде табысты қызмет етуге дайындайды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Coyle, D., Hood, P., & Marsh, D. *CLIL: Content and Language Integrated Learning*. Cambridge, 2010, Cambridge University Press.

2. Chostel, V. *Enseigner une discipline en langue étrangère : Pratiques et ressources pour le CLIL/EMILE*. Paris ,2018, Didier.
3. Татубаева, Ғ.Ә., Көшербаева, Ғ.К. «Кіріктірілген сабақ – білім мазмұнын жаңартудың бір жолы». Алматы, 2015, *Қазақстан мектебі*, №6.
CLIL әдісін қазақ білім беру жүйесінде енгізу жолдары мен тәжірибелері сипатталады.
4. Оразбаева, Ф.Ш. *Тілдік қатысым және коммуникативтік әдістеме*. Алматы, 2019
5. Лебедева, Т. В.. *Французский язык в дипломатической практике. Москва,2018, Международные отношения.*
6. Давыдова, Е. И. . *Методика преподавания профессионального французского языка для юристов и дипломатов. Санкт-Петербург, 2020: Издательство СПбГУ.*
7. Jamet, M.-C. *Le français juridique. Paris, 2003: CLE International.*
8. Blanchet, P. *Le français des relations internationales. Paris, 2004, Didier.*
9. Combacau, J., & Sur, S. *Droit international public (11e éd.). Paris, 2018, LGDJ.*
10. Valantin, J.-M. *Communication et diplomatie: Manuel de communication pour les diplomates et les fonctionnaires internationaux. Paris, 2000, L'Harmattan.*
11. Muller, S. *Le français professionnel: Guide pour les futurs juristes et diplomates. Lyon, 2010, Presses Universitaires de Lyon.*